Тұтынушылар алдында жылдарға арналған электр энергиясын беру және тарату жөніндегі қызметтерге арналған тарифтік сметаны бекіту бойынша жария тыңдау туралы
ХАТТАМАСЫ

Өткізілген орны: Қазақстан Республикасы, Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Атамекен ауылы, есептік орам 085, 1337-құрылыс (АЗУК).
Өткізілген күні мен уақыты: 2026 жылғы 16 қазан.
Басталу уақыты: сағат 10:00.
Аяқталу уақыты: сағат 11:00.

Жария тыңдау АЗУК әкімшілік ғимаратының конференц-залында өткізілді. Сонымен қатар, тыңдау Zoom платформасы арқылы онлайн-конференция форматында ұйымдастырылып, Департаменттің Facebook әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында тікелей эфирде көрсетілді.

Жария тыңдаудың төрағасы: Калибеков Д.С. – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті РММ басшысы.

Қатысқандар:

1. «Хоргос – Шығыс қақпасы» АЭА БК» АҚ бас директорының орынбасары – Қоянбаев А.Ш.;
2. «Хоргос – Шығыс қақпасы» АЭА БК» АҚ-ның бас энергетигі – Мүсреппек Н.Ө.;
3. «Хоргос – Шығыс қақпасы» АЭА БК» АҚ-ның УЭиЭОИ бөлімінің бастығы – Нармуратов Е.А.;
4. «Хоргос – Шығыс қақпасы» АЭА БК» АҚ-ның кірістер, экономика және қаржы басқармасының бастығы – Тасалиева Э.У.;
5. «Хоргос – Шығыс қақпасы» АЭА БК» АҚ-ның энергетикалық қызметінің жетекші инженері – Қабиден Қ.Е.

«Хоргос – Шығыс қақпасы» АЭА БК» АҚ-ның электр энергиясын беру және (немесе) тарату жөніндегі қызметтерін тұтынушылардың өкілдері:

1. «ТАТЭК» АҚ-ның электр энергиясын өткізу және сату филиалы директорының орынбасары – Байбосынов Н.С.;
2. «Жетісу облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ-нің бас маманы – Сүлеймен Б.Т.

Күн тәртібі: «Хоргос – Шығыс қақпасы» АЭА БК» АҚ-ның 2027–2031 жылдарға арналған электр энергиясын беру және тарату жөніндегі қызметтерінің тарифтік сметасын қарау.

Жария тыңдауды төраға Калибеков Д.С. ашып, «Хоргос – Шығыс қақпасы» АЭА БК» АҚ-ның 2027–2031 жылдарға арналған электр энергиясын

беру және тарату жөніндегі қызметтерінің тарифтік сметасын қарау бойынша жария тыңдау өткізілетінін хабарлады.

Төраға қатысушыларды тыңдаудың мақсатымен таныстырып, алдағы бес жылдық реттеу кезеңіне арналған ұсынылған тарифтік сметаны қарау қажеттігін атап өтті.

Тарифтік сметаны таныстыру үшін «Хоргос – Шығыс қақпасы» АЭА БК» АҚ-ның бас энергетигі Мүсреппек Н.Ө. баяндама жасады.

Баяндамашы қолданыстағы бес жылдық реттеу кезеңінің аяқталуына және жаңа кезеңге экономикалық тұрғыдан негізделген тариф белгілеу қажеттілігіне байланысты тарифтік сметаны бекіту қажеттігін түсіндірді.

Тарифтік сметаны есептеу кезінде қызметтер көрсетудің жоспарланған көлемдері, өндірістік жүктеме, қажетті пайдалану шығындары, еңбекке ақы төлеу шығындары, жөндеу жұмыстарын жүргізу, материалдар мен отын сатып алу, бөгде ұйымдардың қызметтеріне ақы төлеу, электр энергиясының нормативтік шығындарын өтеу, сондай-ақ инвестициялық бағдарламаны іске асыру ескерілгені атап өтілді.

Баяндама мен таныстырылым аяқталғаннан кейін жария тыңдауға қатысушыларға ұсынылған тарифтік смета бойынша сұрақтар қоюға мүмкіндік берілді.

Бас энергетик Мүсреппек Н.Ө. электр энергиясын беру және тарату жөніндегі қызметтерді тұтынушылар өкілдерінің қойған сұрақтарына жауап берді.

Жария тыңдаудың қорытындысы:

Жария тыңдау барысында қатысушылар «Хоргос – Шығыс қақпасы» АЭА БК» АҚ-ның 2027–2031 жылдарға арналған электр энергиясын беру және тарату жөніндегі қызметтерінің тарифтік сметасымен танысты.

Төрағасы **Д.С. Калибеков**

Хатшы **Е.Т. Мухамадалинов**